



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

“28” 09 2022 ж./г.

Қызылорда қаласы

№ 239-0

город Кызылорда

Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 21) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларының 12 тармағы 2) тармақшасына және Е.А. Сатыбалдиевтың банкроттықты басқарушы болудан босату туралы 2022 жылғы 20 қыркүйектегі арызы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Сатыбалдиев Ерлан Абдигаппаровичті «ASIYA CONSTRUCTION» ЖШС, БСН 100640001674, мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Е.А. Сатыбалдиев үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2020 жылғы 09 маусымдағы №130-Ө бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешекпен жұмыс басқармасы басшысының міндетін атқарушы А.О. Абдумановаға жүктелсін.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы

Ә. Бекішев